

Ғасырлар арманының жетісі!

№49-50 (20 915)
11 желтоқсан,
2025 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газеті
www.atr.kz
«Атырау» газеті
atyrau_gazeti
Atyrau_news
Атырау жаңалықтары



ЕГЕМЕН ЕЛ БОЛУДАН АРТЫҚ БАҚЫТ ЖОҚ. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН САН САЛАДА АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТТІ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ІСКЕ ҚОСЫЛЫП, ЭКОНОМИКА ТҰРАҚТАНДЫРЫЛДЫ, ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ КӨТЕРІЛДІ. МЕМЛЕКЕТ САЯСИ ЖАҢАРУ ЖОЛЫНА ТҮСІП, МЕМЛЕКЕТТІК ИНСТИТУТТАР ҚҰРЫЛДЫ, ШЕКАРАЛАР АЙҚЫНДАЛЫП, ЕЛ ТҰТАСТЫҒЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ. ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМДЕ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН ЕРІКТІ ТҮРДЕ БАС ТАРТҚАН, ЖАҢА АСТАНАСЫН САЛҒАН ТҰҒЫШ МЕМЛЕКЕТ АТАНДЫ. ТӘУЕЛСІЗ ДАМУ ЖОЛЫНДА ЕЛІМІЗ ӘЛЕМДІК АРЕНАДА ӨЗ ОРНЫН НЫҒАЙТЫП, АТА-БАБАМЫЗДЫҢ ҒАСЫРЛАР БОЙҒЫ АРМАНЫ ОРЫНДАЛДЫ. БҰЛ ЖЕТІСТІКТЕРДЕ АЙМАҚТАР, ОНЫҢ ІШІНДЕ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ДА ҮЛЕСІ ЗОР.

(Толығырақ 6, 9, 10, 14-беттерде)

*Білім

«Ақ шағаладағы» Жайық мектебі

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ «АҚ ШАҒАЛА» ШАҒЫНАУДАНЫН-ДА «ЖАЙЫҚ» BINOM SCHOOL МЕКТЕБІ АШЫЛАДЫ.

Жаңа оқу орнында екі ауысымда 4 мың оқушы оқытылады. Оқыту бағдарламасы халықаралық тәжірибе негізінде әзірленіп, отандық білім беру моделіне сәйкес жүзеге асырылады. Сабақтардың 80%-ы қазақ тілінде, 20%-ы орыс тілінде жүргізіледі.

—Құрылысы аяқталған мектепті осы жылдың 25 желтоқсанында қабылдау жоспарланған. Оқу процесі 8 қаңтарда толыққанды басталады. Қазір мектепке оқушылар мен мұғалімдерді қабылдау жүргізілуде. Бүгінге дейін 500-ден астам оқушы мектепке қабылдау үшін өтініш білдірген, -деді облыстық білім беру басқармасының басшысы Марат Әбуов.

Мектеп кітапханасында 10 мыңнан астам кітап жинақталған. Мұғалімдер екі кезеңдік конкурс арқылы іріктелген тәжірибелі педагогтардан тұрады. Мұнда инклюзивті білім беру қарастырылған, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық және зерттеу жобаларын жүзеге асыруға барлық мүмкіндік жасалып отыр.

Өз тілшіміз



Қолғабыз жасаған: Ларин Мұхамбеталиев

*Құрылыс

Атыраудағы ауқымды құрылыс



АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА 100-ДЕН АСТАМ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАННЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Аймақта 27 жаңа мектеп, 30-ға жуық медициналық нысан және 27 спорт кешені салынбақ. Сонымен қатар үш өнер мектебінің құрылысы жүргізілуде.

—Қазір 5550 орындық 27 мектептің құрылыс-монтаж жұмыстары және бірнеше балабақшаның құрылысы жүруде. Медициналық нысандар қатарында аудандық ауруханаға жапсаржай салу және дәрігерлік амбулаториялар мен фельдшерлік пункттер спорт. Бұдан бөлек спорт кешендері, мәдениет үйлері, ауылдық жерлердегі инфрақұрылым нысандары бой көтеруде. Барлық жобалар 2025-2026 жылдары кезең-кезеңімен пайдалануға беріліп, өңір халқының өмір сапасын жақсартуға бағытталған, -деді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының бөлім басшысы Дархан Тілепберген.

Биыл облыста 753,9 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Сонымен қатар ірі жобалардың бірі – 12 мың орындық концерт залы мен тарихи-өлкетану мұражайының құрылысы басталды. Екі өрт сөндіру депосы, үш ішкі істер ғимараты және бес шекара бөлімшесінің қоршауларына қатысты да жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.

Бек АЙДАРӘЛИ



Құрметті Атырау облысының тұрғындары мен қонақтары!

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тарихындағы айтулы, әрі салтанатты күн. Бұл күні бірнеше жыл бойы тұтас халықтың тағдырын өзгерткен, қазіргі заманғы және егеменді Қазақстанның келбетін айқындаған оқиғалар орын алды. «Тенішевройл» ЖШС ұжымының атынан еліміздің барлық тұрғындарын Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтаймыз!

Біздің компания да тәуелсіз Қазақстанның төл перзенті болып табылады. 1993 жылы құрылған күннен бастап ТШО ел экономикасының дамуына белсенді үлес қосып келеді. Компания маңызды жобаларды жүзеге асырып, жергілікті тауарлар мен қызметтерге инвестиция салып, әлеуметтік нысандардың құрылысын қолдап, өңірдің тұрақты дамуына бағытталған жаңа бастамаларды енгізуде.

2025 жылы Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясында ТШО Атырау облысында денсаулық сақтау, білім беру және азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған 20 әлеуметтік жобаға қаржылық қолдау көрсетті. Біз ТШО-ның қосқан үлесі Қазақстан мен өңірдің одан әрі гүлденуіне ықпал етеді деп сенеміз.

Тәуелсіздік күні құтты болсын! Сіздерге және жақындарыңызға бақыт, амандық және зор денсаулық тілейміз!

Уильям Лакоби,
«Тенішевройл» ЖШС
Бас директоры

Қуанышкерей Мұхтаров,
«Тенішевройл» ЖШС
Бас директорының орынбасары

*Денсаулық

Жаңа зертхананың артықшылығы неде?

Облыстық перинаталдық орталығында FISH-микроскоппен жабдықталған цитогенетикалық зертханасы іске қосылды. Осыған дейін Даун, Патау, Эдвардс, Тернер және Клайнфельтер синдромдары сияқты кең таралған хромосомалық аномалиялар жүктіліктің 20-сыны аптасында анықталса, енді оларды жоғары дәлдікпен 12 аптада анықтауға болады.

Заманауи зертхананы жабдықтау «Бір күн клиникасы» жобасы аясында іске асырылған.

— Атырау облыстық перинаталдық орталығында жүзеге асып жатқан «Бір күн клиникасында» FMF, ISNS, CDC халықаралық стандарттары бойынша сертификатталған генетик және сараптамалық УДЗ дәрігерлері жұмыс істейді. Жаңа микроскоп хромосомалардың санын ғана емес, олардың құрылымы мен өзгерістерін анықтайды. Бұрын көрші облыстарға жіберіп қорытындысын алсақ, қазір өзімізде анықтауға мүмкіндік туды. Біз көрші облыстың пациенттерін де қабылдай аламыз, - деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қайсар Абдалиев.

Санжар АЗАМАТ

Атырау қаласы мәслихатының хабарламасы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, мәслихаттың кезекті XXXIV-сессиясы шақырылады.

Отетін уақыты: 2025 жылғы желтоқсан айының 18-і, сағат 15.00-де.

Отетін орны: Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі 77а, кіші мәжіліс залы.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

- Атырау қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы;
- Дамбы, Қайыршақты және Еркінқала ауылдық округтерінің

кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы;

3. Атырау қалалық мемлекеттік Кірістер басқармасының 2024 және 2025 жылдың 6 айы бойынша атқарған жұмыстарының қорытындысы туралы;

4. 2026-2028 жылдарға арналған қала бюджеті туралы

5. 2025-2027 жылдарға арналған қала бюджетін нақтылау туралы;

6. Қалаға қарасты ауылдық округтердің 2025-2027 жылдарға арналған бюджетін нақтылау туралы;

7. Атырау қаласының 2026-2030 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы;

Атырау қаласының мәслихаты

«Інжу-Маржан» – олжалы белес

Балық шабақтарын құтқару – осы саладағы аса маңызды жұмыстың бірінен саналады. Сондықтан бұған айрықша назар аударылады.

Жылдағыша биыл да өңірдегі табиғатты пайдаланушы субъектілер Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының бастамасымен бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарды. Қорытындысында бөлінген суларда қалып қойып, қырылу қаупі төнген миллиондаған балық шабағы құтқарылып, Жайық өзеніне жіберілді. Осынау үрдісте өзгелерге үлгі болып жүрген ұжымдардың бірі – «Інжу-Маржан» ЖШС. Серіктестік қызметкерлері осы мақсатта өткізілген кең көлемді акциялардың аясында белсенділік көрсетіп, бекітілген учаскеде жоғары нәтижеге қол жеткізді. Айрықшалап айтарым, ұжымымыз үшін биыл ау қоржынына Ақ Жайықтың еркесі – көксеркеден көп олжа түсірген белес болды.

**Гүлфара ЫСМАҒҰЛОВА,
«Інжу-Маржан» ЖШС директоры**

Бекіре тұқымдасқа – басты назар

«Су маржанын» аулаумен бірге оны қорғап, қорын молайту да маңызды. Ал оған атсалысу – балықшының ғана емес, баршанын міндеті.

Мұнда Жамбыл атындағы өндірістік кооперативтің де алар орны мен иеленер еншісі ерекше. Қалыптасқан дәстүр бойынша биыл да оқшауланып қалған табиғи су айдындарынан балық шабақтарын құтқаруға кәсіпорыннан бірнеше бірлік техника мен адам күші тартылды. Бұдан басқа, кооператив мамандарының қатысуымен 17 200 дана бекіре тұқымдас балық шабағы әрі қарай жетіліп кетуі үшін Жайық өзеніне жөнелтілді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бұл сөз жоқ, ұжымның ынтымактаса атқарған жұмысының нәтижесі.

**Гаухар БАЗАРҒАЛИЕВА,
Жамбыл атындағы өндірістік кооперативтің директоры**

Бірлескен істе береке бар

Қашан да берекелі істе берекенің де мол болары анық. Осы орайда, өңіріміздегі балық шаруашылығымен шұғылданытын кәсіпорындардың қай-қайсысының да қызметі үлгі етуге тұрарлық.

Солардың бірі – «Құрманғазы» өндірістік кооперативі. Бұл ұжым да жыл сайын балықты аулау мен өңдеу жөнінде қабылдаған міндеттемесін толығымен орындап, белгіленген квотаның мерзімінде игерілуін қамтамасыз етуде. Сонымен бірге құрманғазылық балықшылар «су маржанына» баланған бағалы байлықтың қорын кемітпеу жолында да әріптестеріне үлгі боларлықтай істерімен көрінуде. Осылайша, олар аяқталғалы отырған жылдың басынан бері бірнеше он мыңдаған балық шабағын құтқарып, табиғи өсіп-өну тұрасына жіберіп отыр.

**Мұрат БАЗАРҒАЛИЕВ,
«Құрманғазы» өндірістік кооперативінің директоры**

«Ембімұнайгаз» АҚ 21.01.2026 ж. сағат 10.30-да Атырау облысы, Исатай ауданы, Акқыстау ауылы, Мұнайшы көшесі, 35 ғимарат, «Жалын» мәдениет үйі мекен-жайында «2026 жылға арналған «Жайықмұнайгаз» МГӨБ нысанында орналасқан ұңғымаларды қазу және кен орнын жайластыру кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды. ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі: <https://kmg-kz.zoom.us/j/7555913367?pwd=UGJLeEJ3bVdZnZk5Nmt2YmZMN2Fmdz09> Конференция идентификаторы: 755 591 3367. Қолжетімділік коды: 593597. Тапсырыс беруші – «Ембімұнайгаз АҚ, 060002, Атырау к., Уәлиханов көшесі 1-ші үй., БСН 120240021112. Жобаны әзірлеуші – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалы, 060097, Атырау к., Нұрсая ықшам ауданы, Елорда даңғылы, 10., БСН 180541015056. Құжаттамалар <https://ndbecology.gov.kz> «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында орналастырылған. Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекен-жайлар бойынша қабылданады: «Атырау облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекен-жайы: 060010, Атырау қаласы, Өйтеке би көшесі 77, тел: 8 (7122) 325509, электрондық мекен-жайы: ekspertizyupr@mail.ru, atr.priroda@atyrau.gov.kz <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>, <https://ndbecology.gov.kz> Құжаттар бойынша қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: s.zeinullina@kmgc.kz, тел.: 8(7122) 95-64-75. Қаралатын ауданның географиялық орналасу координаттары: Солтүстік ендік 47.18'45» Шығыс бойлық 51.4'55»

«Ембімұнайгаз» АҚ 15.01.2026 ж. Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат кенті, Н.Шағыров көшесі 23, «Жастар ресурстық орталығында» сағат 10.00-де «Комсомольский кен орны ауданында өндірілген суларды және өндірістік қалдықтарды кәдеге жарату үшін жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасына қосымша» жобасына арналған «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды. ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі: <https://kmg-kz.zoom.us/j/7555913367?pwd=UGJLeEJ3bVdZnZk5Nmt2YmZMN2Fmdz09> Конференция идентификаторы: 755 591 3367. Қолжетімділік коды: 593597. Тапсырыс беруші – «Ембімұнайгаз АҚ, 060002, Атырау к., Уәлиханов көшесі 1-ші үй., БСН 120240021112. Жобаны әзірлеуші – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалы, 060097, Атырау к., Нұрсая ықшам ауданы, Елорда даңғылы, 10., БСН 180541015056. Құжаттамалар <https://ndbecology.gov.kz> «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында орналастырылған. Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекен-жайлар бойынша қабылданады: «Атырау облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекен-жайы: 060010, Атырау қаласы, Өйтеке би көшесі 77, тел: 8 (7122) 325509, электрондық мекен-жай: ekspertizyupr@mail.ru, atr.priroda@atyrau.gov.kz <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>, <https://ndbecology.gov.kz> Құжаттар бойынша қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: s.zeinullina@kmgc.kz, тел.: 87122 956475. Қаралатын ауданның географиялық орналасу координаттары: Солтүстік ендік 1. 47.38».00»; 2. 47.39»00»; 3. 47.39»10»; 4. 47.38»35» Шығыс бойлық 1. 53.27»30»; 2. 53.26»50»; 3. 53.27»45»; 4. 53.28»25»

ХАБАРЛАНДЫРУ

«DELTA ALLIANCE» ЖШС «DELTA ALLIANCE» ЖШС пайдалану кезеңінің қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жария талқылаулар 2025 жылғы 19 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 25 желтоқсанға дейін ақпараттық жүйе порталында өтеді: <https://ndbecology.gov.kz/> «жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде. Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйе порталында танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>. Бастамашы – «DELTA ALLIANCE» ЖШС, тел.: 8 7775550861, эл. мекен-жайы: holdyard@deltagroup.kz Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – «ECO BISS» ЖШС, Астана к., Бөгенбай батыр даңғылы, 56, тел: 8 7017973833 Барлық ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйе порталында көрсетілген күндері қабылданады: <https://ndbecology.gov.kz/> және мекен-жайы бойынша: eco_biss@mail.ru.

/// Конференция

ӨТКЕНГЕ ТАҒЗЫМ – БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Елімізде Жеңістің 80 жылдығына арналған іс-шаралар аясында тарихи сананы жанғырту, аға буын ерлігін ұлықтау және жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселелері ерекше мәнге ие болып отыр. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, «ҚР Қарулы Күштері ардагерлері» және «Атамнұн Аманаты» қоғамдық бірлестіктері бірлесіп, «Тарихи жадыны сақтау ұрпақ сабақтастығы мен жастарға патриоттық тәрбие берудің маңызды факторы» атты ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырды.

Конференцияның басты мақсаты – Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы аға ұрпақ ерлігін жаңаша қырынан зерделеу, тарихи жадыны сақтаудың тиімді бағыттары мен формаларын айқындау, тарихи-өлкетану және архивтік-іздістіру жұмыстарын жандандыру, сондай-ақ өскелең ұрпақтың бойында патриотизмді нығайту және ұрпақтар сабақтастығын дамыту мәселелерін талқылау болды. Жиынды «Атамнұн Аманаты» ҚБ басқарма төрағасы Мұрат Молдағалиев ашып, жүргізді. Ал конференцияның құрметті қонағы – «ҚР Қарулы Күштері ардагерлері» ҚБ басшысының орынбасары, генерал-майор Марат Нағаманов қатысушыларға бірлестік төрағасы, Халық Қаһарманы, армия генералы Мұхтар Айтынбаевтың арнайы құттықтау сөзін оқып берді. Онда: «Тарихи жады – ұрпақ сабақтастығының негізі. Дәл осы жад арқылы жастар өткеннің маңызын терең ұғынып, елдің болашағы үшін ел жауапкершілігін сезінеді. Бүгінде әлем күрделі өзгерістер кезеңін бастан өткеріп жатқанда, тарихи ақиқатты сақтау, тарихты бұрмалауға қарсы тұру

және патриоттық сананы күшейту айрықша өзектілікке ие. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлері ретінде біздің миссиямыз – жас буынға еліміздің қаһармандық тарихын жеткізіп қана қоймай, Отанға қызмет етудің жарқын үлгісі арқылы олардың адамгершілік бағдарын нығайту. Соғыс және еңбек ерлерінің, ел тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қорғаған әскери қызметшілердің рухын қастерлеу – тарих алдындағы да, келер ұрпақ алдындағы да ортақ борышымыз. Конференция жұмысы патриоттық тәрбиенің тиімді жүйесін дамытуға бағытталған идеялармен, озық тәжірибелермен және нақты бастамалармен алмасатын маңызды алаңға айналатынына сенімдіміз» - делінген. Одан соң ҚР Ұлттық музейінің директоры Берік Әбдіғалиұлы сөз алып, музей мен екі ұйым арасындағы берік әрі нәтижелі ынтымақтастықтың маңызын атап өтті. Оның айтуынша, бірлескен жобалар, архивтік-іздістіру бағдарламалары, ардагерлермен кездесулер және білім беру іс-шаралары

қоғамдық диалогты кеңейтіп, ұлттық тарихты тұтас қабылдауға және тарихи білімнің сабақтастығын нығайтуға әсер етуде. Конференцияда Екінші дүниежүзілік соғыс тарихына арналған жаңа зерттеулер мен тың ғылыми жобалар талқыланды. Сонымен қатар музейлерде соғыс туралы тарихи материалдарды заманауи форматта ұсыну мәселесіне баса назар аударылып, қазіргі заманғы тенденциялар бойынша тәжірибе алмасты. «Жауынгер тағдыры» бағыты аясында архивтік зерттеулердің теориясы мен тәжірибесі сөз болды. Далалық іздістіру жұмыстарының нәтижелері, белгісз жауынгерлердің есімін анықтау, олардың өмір жолын қалпына келтіру бағытында атқарылған жұмыстар туралы мазмұнды баяндамалар ұсынылды. Ұлы Жеңістің тарихи жадын сақтау мәселесі жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің маңызды тетігі ретінде қарастырылды. Жастардың тарихи санасын қалыптастыру, батырлардың ерлік жолын насихаттау және отансүйгіштік құндылықтарды ұрпаққа жеткізу жолдары кеңінен талданды. Аталған бағыттар бойынша ҚР Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының орынбасары, Халық Қаһарманы, генерал-майор Қайрат Үмбетов, «Мемориалдық аймақ» іздістіру жасағының жетекшісі Майдан Құсайынов, ҚР ҚК Ұлттық қорғаныс университетінің оқытушысы, полковник,



PhD докторы Алмагүл Алдабергенова, тарих ғылымдарының кандидаты, отставкадағы полковник Манас Мағұлов, педагогика ғылымдарының кандидаты, отставкадағы полковник Асқар Қалиев, «Атамнұн Аманаты» ҚБ мұрағаттық іздістірушісі Мейірхан Нұрхайдарқызы және басқа да мамандар мазмұнды баяндамалар жасады. Ғылыми-практикалық конференция тек өткенге тағзым ету алаңы ғана емес, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған маңызды диалогтық платформаға айналды. Тарихи жадыны сақтау – елдің

мүдденің, ұлттық бірегейлік пен рухани тұтастықтың басты кепілі. Сондықтан мұндай шаралар қоғамды топтастырып, өскелең буынға тәлім-тәрбие беруде ерекше рөл атқаратыны сөзсіз. Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылған бұл жиын ел тарихына деген құрметті күшейтіп, батырлар ерлігіне деген тағзымды тереңдете түсті.

**Әбубәкір СМАЙЫЛОВ,
«Атамнұн Аманаты» ҚБ
төрағасының орынбасары
Суретті түсірген Қанат МҮСІН**